

 ВИКТОРИЯ сактандыру компаниясы	<p>«Виктория» СК» АҚ Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты обьектілер иелерінің азаматтық-күқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру ережесі</p>	<p>27.12.2023 жылғы редакция 28.11.2023 жылғы редакция</p>	<p>17 беттен 1-ші бет</p>
---	---	--	--

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кенесі
2023 жылдың «27»
желтоқсандағы
№42 Хаттама

27.12.2023 жылғы өзгертулермен

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТИРУ ҚАУПІМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТІЛЕР ИЕЛЕРИНІҢ АЗАМАТТЫҚ-
КҮҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ., 2023 жыл

МАЗМУНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІ	4
1. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	4
2. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	5
3. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	5
4. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	6
5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	8
6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	8
7. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР	12
8. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	12
11. ЗИЯН КЕЛТИРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	14
12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ	15
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	16
14. ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТИРУ ҚАУПІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТИЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТИ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДаУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	16
15. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР	16

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2004 жылғы 07-шілдедегі №580-II «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Зан») сәйкес әзірленді.

1.2. Бұдан әрі – «Сактандыруши» деп аталатын «Виктория» СК» АҚ осы Ереженің талаптарымен бұдан әрі – «Сактанушылар» деп аталатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерімен қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын (бұдан әрі – «сактандыру шарты») жасау арқылы қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыруды (бұдан әрі тиісінше – «қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру») жүзеге асырады.

1.3. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандырудың мақсаты – өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактормен зиян келген үшінші тұлғалардың мүліктік мүддесін сактандыру төлемін жүзеге асыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету .

1.4. Ережеде келесідей түсініктер қолданылады:

- 1) авария – ғимараттардың, құрылыштардың және (немесе) қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың қирауы, бақылауға болмайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;
- 2) инцидент – аварияға алып келмеген, қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың жұмыс істемей қалуы немесе бүлінуі, технологиялық процесті жүргізуін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;
- 3) қауіпті өндірістік фактор – қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, инциденттер кезінде туындастын, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіретін физикалық құбылыс;
- 4) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі – қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіге меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында не кез келген басқа да занды негізде иелік ететін жеке және (немесе) занды тұлға;
- 5) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор келтірген зиянды жеке және (немесе) занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;
- 6) пайда алушы – осы Заңға сәйкес сактандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 7) сактандыру жағдайы – оның басталуына орай қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты сактандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 8) сактандыру сомасы – міндettі сактандыру объектісі сактандырылған және сактандыру жағдайы басталған кезде сактандыруши жауапкершілігін шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

- 9) сактандыру сыйлықақысы – сактандырушының объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында белгіленген мөлшерде сактанушыға (пайда алушыға) сактандыру төлемін жүргізуге міндettемелер қабылдағаны үшін сактанушының сактандырушыға төлеуге міндettі ақша сомасы;
- 10) сактандыру төлемі – сактандырушы сактандыру жағдайы басталған кезде сактанушыға (пайда алушыға) сактандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 11) сактандырушы – сактандыру үйымы ретінде тіркелген және сактандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сактандыру жағдайы басталған кезде сактанушыға немесе өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сактандыру сомасы) шегінде сактандыру төлемін жүргізуге міндettі заңды тұлға;
- 12) сактандырылуши – өзіне қатысты сактандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 13) сактанушы – сактандырушымен қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сактандыру шартында өзгеше көзделмесе, сактанушы бір мезгілде сактандырылуши болып табылады;
- 14) қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі орган;
- 15) үшінші тұлға – өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор зиян келтірген тұлға.

1.5. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қызметкерлері мен иелері үшінші тұлға болып табылмайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ

2.1. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру (бұдан әрі - объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру) объектісі қауіпті өндірістік фактор өзінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеудің қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген міндettіне байланысты мүліктік мүддесі болып табылады.

2.2. "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздігі декларациялануға жататын объектілер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер болып табылады.

2.3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациялары тіркелген объектілер туралы мәліметтер үәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

2.4. Егер объект иесінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде объект үәкілетті орган бекіткен, қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатындарға жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келмесе, онда сактанушы үәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне объектідегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат береді.

2.5. Объектінің 2.4. тармақта көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі объект иесіне объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын мерзімімен бұрын тоқтату құқығын береді. Бұл ретте сактандырушының сактандыру қолданылған мерзім ішіндегі уақытқа пропорционал сактандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

3.1. Қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеу жөніндегі Сактанушының (Сактандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сактандыру шарты бойынша сактандыру жағдайы деп танылады.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты бойынша сактандыру сомасы республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде:

№	Сактандыру сомасы (АЕК)	Зардап шеккендер саны (адам)	
		... бастап	... дейін
1	600 000	4 000 адамнан асса	-
2	350 000	2 000	4 000
3	225 000	1 500	2 000
4	115 000	750	1 500
5	50 000	300	750
6	30 000	150	300
7	12 000	75	150
8	5 000	10	75
9	1 000	0	10 адамға дейін

5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1. Сактандыру шарты бойынша сактандыру сыйлықақысының мөлшері қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қауіптілік деңгейіне қарай сактандыру сомасы мөлшерінің 0,72 процентінен 2,02 процентіне дейінгі шекте тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

5.2. Накты объект үшін сактандыру тарифінің шамасы жыл сайын уәкілетті орган айқындастырып объект қауіптілігінің жалпы деңгейіне қарай белгіленеді.

5.3. Сактандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеу:

- 1) Сактандыру сыйлықақысының мөлшері объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында көрсетілген сактандыру тарифі, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындаған объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ескеріле отырып белгіленеді.
- 2) Декларациялауға және сактандыруға жататын қауіпті өндірістік объектілері бар үйімдар қауіптілігінің жыл сайынғы жалпы деңгейі туралы ақпаратты уәкілетті орган өзінің Интернет-ресурсына орналастырады немесе республикалық мерзімді баспа базасында қазақ және орыс тілдерінде жариялады.
- 3) Объектінің жалпы қауіптілік деңгейі сакталған немесе төмендеген кезде сактандыру сыйлықақысы осы тарауға сәйкес белгіленген сактандыру тарифі бойынша төленеді.
- 4) Объект қауіптілігінің жалпы деңгейі сактандыру тарифіне шаққандағы орташа салалық көрсеткіштермен салыстырғанда ұлғайған кезде объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ұлғаюының бір пайызы үшін он пайыз мөлшерінде арттырылып отыратын коэффициент қолданылады.
- 5) Арттырылып отыратын коэффициент ескерілген сактандыру тарифінің шамасы осы Ереженің 5.1-тармағында белгіленген сактандыру тарифінің мөлшерінен аспауга тиіс.

5.4. Сактандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері

- 1) Сактандыру сыйлықақылары объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты жасалғаннан кейін 10 (он) күннің ішінде бір мезгілде төленеді.
- 2) Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты кез келген негіздер бойынша өзгерген кезде жаңадан есептелген және бұрын төленген сактандыру сыйлықақылары арасындағы айырма 15 (он бес) күн ішінде қосымша төленуге (қайтарылуға) тиіс.

- 3) Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында сактанушиның сактандыру жарналарын объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында айқындалған тәртіппен енгізу арқылы сактандыру сыйлықақысын бөліп төлеу құқығы көзделуі мүмкін.
- 4) Сактандырушы сактандыру сыйлықақысын Сактандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

6.1. Міндettі сактандыру осы Ережеге сәйкес үшінші тұлғалардың пайдасына Сактануши мен Сактандырушы арасында жасалатын сактандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

6.2. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі біреуден көп болған кезде сактандыру шарты объектінің барлық иелерін Сактандырушылар ретінде сактандыру полисінде міндettі түрде көрсете отырып, олардың кез келген біреуімен жасалады.

6.3. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында, моральдық зиянды, қолдан шыққан пайданы өтеу мен тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянның зардабынан туындағыны міндettемелер бойынша сактандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

6.4. Сактануши объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты бойынша сактандыру сыйлықақысын төлеуге міндettенеді, ал Сактандырушы сактандыру жағдайы басталған кезде Сактанушиға (Пайда алушыға) осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сактандыру төлемін жүзеге асыруға міндettенеді.

6.5. Сактанушиның өтініші объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

6.6. Сактандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін Сактандырушы жауапты болады. Сактандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сактанушиның пайдасына шешіледі.

6.7. Сактандыру шарты Сактандырушының сактандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады. Сактанушиның қалауы бойынша сактандыру шарты Сактандырушыға жазбаша жүгіну не Сактануши мен Сактандырушы арасында Сактандырушының интернет-ресурстарын пайдалану арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

6.8. Сактандыру полисі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында тізбелеп көрсетілген шарттардан басқа, Сактандырушының бір сактандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерін қамтуға тиіс.

6.9. Егер Сактандырушы Сактандыру шартын Сактанушиның (Сактандырушының) немесе үшінші тұлғаның жағдайын Занда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасаса, онда сактандыру жағдайы басталған кезде Сактандырушы Сактанушиның (Сактандырушының) немесе үшінші тұлғаның алдындағы міндettемені Занда белгіленген талаптар бойынша өз мойнына алады.

6.10. Сактанушиның қалауы бойынша объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты Сактандырушыға жазбаша жүгіну не Сактануши мен Сактандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

6.11. Сактандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде сактанушидан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

6.12. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын Сактандырушының интернет-

ресурсына сілтеме дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.

6.13. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы арасында, Сақтандырушы мен Сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

6.14. Сақтандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасқан кезде Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаның электрондық хабар түрінде дереу жөнелтілуін;
- 2) Сақтанушының жасалған сақтандыру шарты бойынша ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;
- 3) Сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, сақтандыру шартының электрондық нысанда сақталуын;
- 4) Сақтанушыға (сақтандырылушиға, пайда алушыға):
 - а) сақтандыру шартын жасау және өзгерту;
 - б) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - в) сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету;
 - г) келтірілген зиян мөлшерін бағалауды белгілеу;
 - д) сақтандыру төлемін алу;
 - е) Заңның 21-1. бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру шартынан туындастырылу дауларды реттеу

үшін қажетті ақпаратты (өтінішті, хабарламаны және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) электрондық нысанда жасау және сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндettі.

6.15. Сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі. Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету тәртібіне және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындауды.

6.16. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстарын алмасу арқылы жасасу кезінде сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалған болып есептеледі.

6.17. Сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстарын алмасу арқылы жасасу кезінде Сақтанушы осы Ережеде, Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысы бөліп төленген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптармен осы қосылу шартын жасасуға келісетінін раставиды.

6.18. Сақтандырушы сақтандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

6.19. Сақтандыру агенттерінің нысан иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

6.20. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушы Сақтанушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

6.21. Сактандырушы сактандырушының интернет ресурсын және (немесе) басқа үйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған кезде «Сактандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актінде белгіленген тәртіпте, Сактанушыға (сактандырылуышыға) сактандыру келісімшартының қолданыс мерзімі аяқталғаны туралы алдын ала хабарлауды қамтамасыз етеді.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Егер объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты сактанушы бірінші сактандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндettі болады.

7.2. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі айдан аспайтын мерзімге жасалады.

Объект иесі қызметін он екі айдан аз мерзімде жүзеге асырған жағдайда, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты қызметті жүзеге асыру мерзіміне, бірақ кемінде алты айға жасалады.

7.4. Сактандыру қорғанышының қолданылу кезеңі объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

7.5. Егер объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында өзгеше көзделмесе, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сактандырушы:

- 1) объект иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу кезінде Сактанушыдан (Сактандырылуышдан) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, осы Заңға сәйкес объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі;
- 2) сактандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 3) тиісті мемлекеттік органдар мен үйымдардан, олардың құзыretін негіздей отырып, сактандыру жағдайының басталу фактісін және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 4) үшінші тұлғалардың закымданған мүлкін және бүліну аймағын қарап тексеруге қатысуға және қарап тексеру актілеріне қол қоюға;
- 5) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі сактандыру тәуекелін (сактандыру жағдайының басталу ықтималдығы немесе ол басталған кезде болуы мүмкін зиян мөлшері) ұлғайтуға әкеп соғуы мүмкін мәнжайлар өзгерген жағдайда объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының талаптарын өзгертуін талап етуге;
- 6) келтірілген зиянды өтеуге байланысты қатынастарда Сактанушының (Сактандырылуышының) атынан және оның тапсырмасы бойынша өкілдік етуге;
- 7) Сактанушының (Сактандырылуышының) тапсырмасы бойынша пайда алушылар ұсынатын талап-арыздарға қатысты оның атынан сотта іс жүргізуі өзіне қабылдауға құқылы. Алайда, сактандырушының бұл іс-әрекеттері оның сактандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі өз міндettін мойындауы деп бағалануға тиіс емес;
- 8) зиян келтірілгені үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюға құқылы;

9) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

8.2. Сақтандырушы міндettі:

- 1) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру талаптарымен, оның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындастын тараптардың құқықтарымен және міндettтерімен таныстыруға және соның талабы бойынша көшірмесін беруге (жіберуге);
- 2) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;
- 3) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданысы кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметті дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережеде көзделген тәртіппен және жағдайда сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 5) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 6) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтанушыға (Пайда алушыға) бас тарту себептерінің уәжді негізdemесін және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге;
- 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 8) Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (үшінші тұлғаның, пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 9) Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберіletін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса беріletін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндettі;
- 10) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндettтері көзделуі мүмкін.

8.3. Сақтанушы (Сақтандырылышы):

- 1) Сақтандырушыдан объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру талаптарын, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндettтерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 3) Сақтандырушы (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;
- 4) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық Сақтанушыға ғана қолданылады);

- 5) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін Заңың 21-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сактандырушуға не сактандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 6) "Сактандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сактандыру омбудсманына (тікелей сактандыру омбудсманына, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;
- 7) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі сактандыру тәуекелін (сактандыру жағдайының басталу ықтималдығын немесе ол басталған кезде болуы мүмкін зиян мөлшерін төмендетуге алып келуі мүмкін мәнжайлар өзгерген жағдайда) сактандыру шартының талаптарын өзгертуі талап етуге. Бұл құқық Сақтанушыға ғана қолданылады;
- 8) Заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен сактандыру төлемін алуға құқылы. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа құқықтары да көзделуі мүмкін;
- 9) Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушиның) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа құқықтары да көзделуі мүмкін.

8.4. Сақтануши:

- 1) сактандыру сыйлықақысын объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 2) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге;
- 3) сактандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушуға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі және ерікті сактандырудың бұрынғы шарттары, сактандыру жағдайлары, сактандыру төлемдері мен объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтер туралы ақпаратты беруге;
- 4) 3 (үш) жұмыс күні ішінде сактандырушуға және құзыретін негізге ала отырып (азаматтық қорғаныс саласында мемлекеттік саясатқа басшылық және салааралық үйлестіру, әзірлеу және іске асыру шараларын жүзеге асыратын) уәкілетті мемлекеттік органдарға мән-жайлардың өзгергені туралы, егер бұл өзгерістер сактандыру тәуекелінің үлғаюына әсер етуі мүмкін болса, хабарлауға;
- 5) Сақтанушыға және құзыретін негізге ала отырып (азаматтық қорғаныс саласында мемлекеттік саясатқа басшылық және салааралық үйлестіру, әзірлеу және іске асыру шараларын жүзеге асыратын) мемлекеттік органдарға сактандыру тәуекелін едәуір үлғайтуы мүмкін, қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде жоспарланып отырған жаңғырту және (немесе) қайта бейіндеу туралы хабарлауға;
- 6) қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерін болғызыбау жөніндегі қажетті және мүмкін болатын шараларды қолдануға;
- 7) сактандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда бұл туралы дереу, бірақ 3 (үш) күннен кешіктірмей Сактандырушуға хабарлауға;
- 8) қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне әсері туындаған кезде болуы мүмкін шығындарды болдырмай немесе азайту, соның ішінде мүліктерді аман алып қалу және зардап шеккен

адамдарға көмек көрсету жөнінде қалыптасқан жағдайдағы ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды қолдануға;

9) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі аварияның, инциденттің туындау себептері мен өзге де мән-жайларға өз бетінше зерттеу-тексеру жүргізу мүмкіндігімен Сақтандырушының өкілін қамтамасыз етуге;

10) зақымданған мүліктің және бұлғын аймағының олардың сактандыру жағдайы басталғаннан кейінгі күйінде Сақтандырушының өкілі қарағанға дейін сакталуын (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе зиян мөлшеріне әсер етпесе) қамтамасыз етудің мүмкін болатын барлық шараларын қолдануға;

11) Сақтандырушыға барлық қолда бар қажетті ақпарат (қажет болған кезде - жазбаша түрде) пен сактандыру жағдайының басталу себептері, барысы және салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы талқылауға мүмкіндік беретін құжаттарды беруге;

12) қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап-арыз қойылғаны жөнінде өзіне белгілі болғанда, үш жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға;

13) келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын кері талап құқығының Сақтандырушыға етуін қамтамасыз етуге міндettі;

14) Сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндettterі көзделуі мүмкін.

8.5. Үшінші тұлғалар:

1) қауіпті өндірістік факторлардың өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды өсерінің салдарынан болған сактандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) Сақтанушының (Сақтандырылуышының) орнына сактандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтандырушыға табыс етуге;

3) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

4) Сақтандыруши (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сактандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;

5) сактандыру төлемін осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде алуға;

6) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шартынан туындаитын мәселелерді реттеу үшін Заңың 21-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сактандырушыға не сактандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

7) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сактандыру омбудсманына (тікелей сактандыру омбудсманына, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

8) келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сактандыру төлемдерінің сомасынан асатында мөлшерде өтеу туралы Сақтанушыға талап қоюға құқылы;

Осы тармақта белгіленген үшінші тұлғалардың құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өзге тұлғаларға (Пайдада алушыларға) ауысады.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

9.1. Сақтанушы (Сақтандырылуши) не Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты мынадай құжаттарды қоса берे отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды:

- 1) Пайда алушының келтірілген зиян мен оның мөлшерін растайтын құжаттарды қоса тіркеп, зиянды өтеу туралы Сақтанушы мойындаған талаптары немесе қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеу туралы заңды құшіне енген сот шешімі;
- 2) зиянды болдырмау немесе мөлшерін азайту жөнінде шаралар қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар (болған жағдайда).

9.2. Сақтандырушы келтірілген зиянның мөлшерін айқындау мақсатымен қосымша тексеру жүргізуге құқылы. Осыған байланысты ол мемлекеттік органдардан аварияны, инцидентті техникалық тексеру материалдарын, зиян келтіруге байланысты құжаттарды, медициналық құжаттарды, шығын болған (бұлғын, жойылған) мүліктің құны, жүргізілген жұмыстардың, келтірілген шығындардың құны туралы талқылауға мүмкіндік беретін шоттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарды талап етуге құқылы.

9.3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы табыс етілген құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған қунді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндettі. Сақтанушы (Сақтандырылуши, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

9.4. Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші, Сақтандырушы қол жеткізе алғатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын Сақтандырушыға ұсынуға міндettі.

9.5. Сақтандыру жағдайын электрондық нысанда реттеу үшін өтініш берген кезде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамталымды пайдалану талап етілмейді.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

10.1. Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы сақтандыру төлемінің мөлшерін аварияның, инциденттің себептерін тексеру актісінің, сот шешімдерінің және келтірілген зиянның мөлшері туралы деректер қамтылған басқа да материалдардың негізінде айқындауды.

10.2. Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін төленетін сақтандыру төлемінің мөлшері (республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде) белгіленеді және:

- 1) қаза тапқан кезде - 1000;
- 2) мүгедектік белгіленген кезде:
 - а) бірінші топтағыларға - 800;
 - б) екінші топтағыларға - 600;
 - в) үшінші топтағыларға - 500;
 - г) мүгедектігі бар балаға - 500.
- 3) мертігу, жарақаттану немесе денсаулықтың өзге де закымдануы кезінде мүгедектік белгіленбей - амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге жұмсалған іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспайтындағы мөлшерді құрайды. Бұл ретте сақтандыру төлемінің мөлшері әрбір стационарлық емделу күні үшін кемінде 2 айлық есептік көрсеткішті құрауға тиіс.

10.3. Сактандыру төлемі үшінші тұлғага келтірілген залалдың (нақты нұқсанның) мөлшерінен аспауға тиіс.

Зардап шеккен адамның мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін айқындау:

10.4. Мулік закымданған кезде келтірілген зиянның мөлшері оны қалпына келтіру құнының есебі негізге алынып, сактандыру жағдайы басталғанға дейін мүліктің орын алған тозуы ескеріле отырып айқындалады. Мүлікті қалпына келтіру құны сактандыру жағдайы басталған кезде қолданылған орташа нарықтық баға мен тарифтер негізінде айқындалады.

10.5. Мулік жойылған кезде келтірілген зиянның мөлшері мүліктің нақты құны негізге алынып, мүліктің сактандыру жағдайы басталған құнгі тозуы ескеріле отырып айқындалады. Мүлікті қалпына келтіру техникалық жағынан мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негіzsіз болса, ол жойылды деп есептеледі. Мүлікті қалпына келтіру, егер бұл ретте құтілетін шығыстар (қалпына келтіру құны) оның сактандыру жағдайы басталған құнгі есептелген тозуын ескере отырып, мүліктің нақты құнының 80 (сексен) процентінен асып кетсе, экономикалық тұrғыдан негіzsіз деп есептеледі.

10.6. Сактандыру жағдайының басталуы нәтижесінде әрбір үшінші тұлғаның мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның өтініші бойынша сактандыруши айқындалады. Келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды қажет болған кезде тәуелсіз сарапшы жүргізуі мүмкін. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда тараптар өзгеше дәлелдеуге құқылы, бұл ретте қайта/қосымша бағалау бойынша шығындарды бастамашы тарап көтереді.

10.7. Ушінші тұлға (ал ол қайтыс болған жағдайда - оның қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құқығы бар тұлға) немесе келтірілген зиянды Сақтандырушиның осы Заңмен белгіленген жауапкершілігінің шегінде үшінші тұлғага (зиянды өтеуге құқығы бар тұлғага) өтеген және сактандыру төлемін алуға құқық алған өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.

Сактандыру төлемін төлеу тәртібі

10.8. Сактандыру төлемдері осы Ережеде белгіленген сактандыру сомасының шегінде, тенгемен жүргізіледі.

10.9. Ушінші тұлғаларға келтірілген зиянды толық өтеу үшін сактандыру сомасы жетіспеген кезде Сактандыруши осы Ереженің 10.11. тармағында көзделген тәртіппен сактандыру шартында белгіленген сактандыру сомасы шегінде сактандыру төлемдерін жүзеге асырады. Бұл ретте Пайда алушы келтірілген зиянды келтірілген зиянның сомасы алынған сактандыру төлемінің сомасынан асатында мөлшерде өтету туралы тікелей Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) талап қоюға құқылы.

10.10. Қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген, сактандыру жағдайы деп Сактандыруши таныған немесе соттың шешімімен танылған зиянды өтеу туралы өтініштерді қанағаттандыру олардың түсү ретімен, ал бірнеше өтініш бір мезгілде түскен кезде мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

- 1) бірінші кезекте жеке тұлғалардың өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар қанағаттандырылады;
- 2) екінші кезекте жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі;
- 3) үшінші кезекте заңды тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі.

10.11. Объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бірнеше Сақтандырушида сактандырылған кезде әрбір сактандыруши өзімен жасалған шарт шегінде Сақтанушының алдында жауапкершілікте болады, алайда Сақтанушының (Пайда

алушының) барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты нұқсаннан аспауға тиіс. Бұл ретте сақтанушы өзімен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты нұқсанды жаппаған жағдайда, сақтанушы жетпейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы. Сақтандыру төлемінен толықтай немесе ішінara босатылған Сақтандырушы келтірілген нұқсанды басқа Сақтандырушылардың өтегеніне орай, Сақтанушыға шеккен шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін қайтаруға міндettі.

10.12. Келтірілген зиянды басқа тұлғалар да өтеген жағдайларда, Сақтандырушы объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасы мен басқа тұлғалар өтейтін соманың арасындағы айырманы ғана төлейді. Сақтанушы өзіне белгілі болған, басқа тұлғалардың үшінші тұлғаларға зиянды өтеуге жүргізген төлемдері туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндettі.

10.13. Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру жағдайында залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын да, егер мұндай шығыстар қажет болса және (немесе) Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, өтеуге міндettі. Аталған шығыстарды өтеуді сақтандырушы тиісті шығындар туралы актіні алған күннен бастап, бірақ сақтандыру төлемдері жүзеге асырылғаннан кейін, 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді. Сақтанушының аталған шығыстары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтында болып өтеледі. Егер шығыстар сақтанушы сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз, толық мөлшерде өтеледі.

10.14. Жәбірленуші қайтыс болып, оның мұрагерлері жок болған жағдайда, жәбірленушіні жерлеген тұлғаға сақтандырушы жерлеуге қажетті шығыстарды нақты жұмсалған шығындар мөлшерінде, бірақ сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының шегінде өтейді.

10.15. Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажет құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүргізеді.

10.16. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде Сақтандырушы келесілерді қамтамасыз етуге міндettі:

- 1) сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы, оған реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тартудың себептерін көрсетіп) қоса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіpte электрондық түрде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) хабарлау;
- 2) Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігі;
- 3) Сақтанушы (сақтандырушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуі қамтамасыз етумен электрондық нысанда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты сақтау.

10.17. Сақтандырушы тәулік бойы Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

10.18. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу туралы хабарлама дереккөр қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымның атынан жіберіледі.

11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

11.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырган Сақтандырушының:

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылуши) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттер жасаған;
- 2) Сақтанушы (Сақтандырылуши) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер жасаған;
- 3) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) зиянды азайту жөнінде ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды қасақана қолданбауы салдарынан оның мөлшері ұлғайған;
- 4) Сақтанушы (Сақтандырылуши) сақтандырушыға сақтандыру объектісі туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған;
- 5) Сақтанушы (Сақтандырылуши) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқан, сондай-ақ сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайларда төленген сома шегінде сақтанушыға кері талап қоюға құқығы бар.

11.2. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) міндетті сақтандыру шарты бойынша өтеген, келтірлген зиян үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы төленген сома шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ауысады.

11.3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы, қасақана іс-әрекеттерді қоспағанда, қызметтік, лауазымдық немесе өзге де еңбек міндеттерін бұзыу қауіпті өндірістік фактордың туындауына себеп болған олардың қызметкерлеріне кері талап қоюға құқылы емес.

12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ

12.1. Егер сақтандыру жағдайы:

- 1) қажетті қорғану мен аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

12.2. Егер сақтандыру жағдайы:

- 1) әскери іс-қимылдар;
- 2) азаматтық соғыс, халықтың кез келген толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатылады.

12.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да:

- 1) сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан артық зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламау негіз болуы мүмкін.

12.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды және отыз күн ішінде бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және Сақтанушының (Сақтандырылушиның, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының

ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүргіну құқығы туралы хабарламамен Сақтанушыға (Сақтандырылуышыға) және (немесе) Пайда алушыға жазбаша нысанда хабарлайды.

12.5. Сақтандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайында Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіpte және шарттармен Сақтанушының (Сақтандырылуышының) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның сотқа шағымдануына болады.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты:

- 1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған;
- 2) сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылған;
- 3) Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда тоқтатылды деп саналады.

13.2. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі, талаптары мен салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес айқындалады.

13.3. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасы сақтандыру шартын бұзу туралы өтініш берген сәттен бастап есептеледі.

14. ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРУ ҚАУПІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТИЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДаУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

14.1. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындаитын дау болған кезде Сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы):

- 1) талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса берे отырып, жазбаша өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жіберуге немесе
- 2) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындаитын дауларды реттеу үшін өтінішті сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

14.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

14.3. Сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандырушы сақтанушының (үшінші тұлғаның, пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндettі.

15. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

15.1. Қазақстан Республикасының Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңнамасын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

15.2. Сақтанушы өзінің қолтаңбасымен Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның №94-В «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушиның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, өндеуге, сақтауға және беруге өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушиның (Пайда алушының) келісімін береді:

- 1) «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) Сақтандырушының деректер алуына;
- 2) мемлекеттік дереккор иелерінің Бюроға Сақтанушы (Сақтандырылуши, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар туралы беруіне;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы (Сақтандырылуши (Пайда алушы) туралы қолда бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге.
- 4) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- 5) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

15.3. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

15.4. Сақтанушы Сақтандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндеуіне Сақтандырышуыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 15.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімін талаң етуге міндettі.

15.5. Сақтанушы Сақтандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндеуіне Сақтандырылушиның (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 15.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

15.6. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа үйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану кезінде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңың 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды сақтау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.

Сілтеме. 2004 жылғы 07-шілдедегі №580-II «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (6.12, 6.13 тармақтарға, 6.14 тармағының 2), 3), 4) тармақшаларға, 6.16, 6.17, 6.19, 6.21, 9.5, 10.16-10.18, 12.5, 15.6 тармақтарға) өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (2024 жылдың 1 қантарынан бастап қүшіне енеді).